

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқубағдарламасы  
негізінде**

**2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «Алтын бесік» бөбекжайы**

**Топ/сынып: «Ақ бота» кіші тобы**

**Балалардың жасы: 2 жастағы**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы мамыр айы**

Ай	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАМЫР	Денешынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Жүгіру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқтың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20м дейін) шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүруден жүгіруге және керісінше аудысу.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p><b>Қимылды ойындар</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар</b> Велосипед тебу: ұш дөнгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз тұсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету;</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спортық, би және т.б.) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</b> Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аудызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемеу,</p>

	үстел басында дұрыс отыру.
Сөйлеудідамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Фонетикалық қабылдау дағдырларын қалыптастыру</b>  Заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Кітаптардағы суреттерді қарастыру, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p><b>Шығармашылық сөйлеу іс-әрекеті</b>  Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қыуышақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тындалатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау</b>  Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету.</p>
Көркем әдебиет	<p><b>Оқу, әңгімелегу</b>  Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқы.</p>

		<p><b>Мәнерлеп оқу</b> Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p> <p><b>Мазмұндау</b> Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p><b>Театр дағдыларын дамыту</b> Түрлі мәтіндерді оқығанда дұрыс тыныс алу</p> <p><b>Моральдық нормалар түсінігі</b> Ересектермен және құрдастармен қарым - қатынас</p>
	Сенсорика	<p><b>Көп</b> Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p> <p><b>Саны , есебі</b> Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлышық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p><b>Шамасы</b> Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Дене бөліктерінің орналасуын шарлау мүмкіндігін үйрету</p> <p><b>Уақыт бойынша бағдарлау</b> Тәулік бөліктерін атау, тану дағдыларын қалыптастыру: таң, күн, кеш, тұн .</p>
	Коршағанортамен таныстыру	<p><b>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары</b> Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғак, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар және т.б.) және</p>

	<p>олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мұсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау және т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</b></p> <p>Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел және т.б.</p> <p><b>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі</b></p> <p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Бала , оның отбасы ,үйі</b></p> <p>Бала, оның отбасы, үйі</p> <p>«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.</p> <p>Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.</p> <p><b>Заттар әлемі</b></p> <p>Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшени екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу.</p> <p><b>Жол ережелері</b></p> <p>Әртүрлі көлік түрлері, көлік бөліктері (жаяу жүргіншілер, жер асты өткелдері) бағдаршамдар, көшеде өзін-өзі ұстай ережелері, өткелдер туралы білімдерін қалыптастыру</p>
Құрастыру	<p><b>Құрылым материалының құрылышы</b></p> <p>Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.</p>
Сурет салу	<b>Сәндік сурет</b>

		Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру
	Мұсіндеу	<p><b>Сәндік мұсіндеу</b>          Мұсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сұрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
	Жапсыру	<p><b>Сәндік жапсыру</b>          Фланелеграфте геометриялық фигуralарды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, ғұлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін және т.б. орналастыру.</p>
	Музыка	<p><b>Музыка тыңдау</b>          Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p><b>Шырқау</b>          Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердіңсозылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.</p> <p><b>Музыкалық-ритмикалық қимылдыр</b>          Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Билер</b>          Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу;</p> <p><b>Ойындар,әндер</b>          Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау</p> <p><b>Балаларға арналған музыкалық аспаптармен ойнау</b>          Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.          Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>

